

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін ұсынылған Нишанбаева Сабира Зетбековнаның «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің

## ШҚІРІ

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Адамзат қоғамындағы өркениеттің дамуы адамнан сауаттылықты, өмірлік білім мен дағдыны талап етеді. Қазіргі ғылымның дамуында олардың ықпалдасуы мен саралап жіктелінуі сияқты негізгі беталысы жеке тұлғаның азаматтық құндылығының жоғарылауын қамтамасыздандыра алады.

Адам – абсолютті құндылық, жоғары субстанция, «барлық танымның өлшемі». Біздің мемлекетіміздің ең жоғары құндылығы – адам, оның өмірі, құқығы және бостандығы. Қазіргі жағдайда адам дамуы зерттеу объектісі ретінде ғана емес, алдымен, аса маңызды мәдени үлгілер жасаушы және өзінің ынтасымен шығармашылыққа ұмтылушы, шығармашылық және таным субъектісі ретінде ұсынылады.

Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады.

Болашақ мамандарды дайындаудағы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселесі Қазақстан Республикасының білім беру, жас ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі көптеген нормативтік құжаттармен байланысты. Соның ішінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007), Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы (2009), Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» құжатында (2015), «Өзін –өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасында» (2016), «Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында» және тұңғыш Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында атап көрсетілген. Осы көрсетілген құжаттардағы ортақ міндет – ол барлық адамдарға эталон, идеал болып қызмет етеді, бұл қызметтерді жүзеге асыру педагогикалық үдеріске бағытталған.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында «Отбасы – болашақ жеке тұлғаның негізі қаланатын қоғамның бастауыш құрылым бірлігі, баланың алғашқы ұжымы, оның табиғи даму ортасы. Екі адамның некелесуіне қарап отбасы құрылды деп қарау қате пікір, бала дүниеге келген күннен бастап отбасы құрылады»; «отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің

тәрбие жүйесіне араластыру»; «жас адамдарды отбасылық құндылықтарды құрметтеуге, отбасында тұрақты моральдық-адамгершілік жағдай жасауға, егде адамдарға ерекше құрмет көрсетуге, балаларға деген сүйсіпеншілікке тәрбиелеу» деп көрсетеді.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Әйелдердің ұстамдылығы мен төзімділігі - тыныштық пен татулықтың тірегі» деген баяндамасында: Бізге неке және отбасы институтын нығайтып, оның беделін арттыру, адамгершілік құндылықтарды қайта түлету қажет.

Отбасы институты бүгінгі жағдайда үлкен өзгерістерді басынан кешіріп отыр. Бұл өзгерістерге экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, психологиялық, мәдени-әлеуметтік, факторлар ықпал етуде: біріншіден, отбасылық қарым-қатыныстардың өзгеруіне алып келетін ерлі-зайыптылардың бір-біріне экономикалық тәуелсіздігі; екіншіден, дәстүрлі некеге қарама-қарсы альтернативтік түрлерінің шығуы; некесіз қарым-қатынастарының таралуы, ата-аналық институтының әлсіреуі, ажырасулар санының көбеюі; үшіншіден, отбасы мүшелерінің саны мен балалардың тууы азаюы; төртіншіден, ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың арасындағы эмоционалдық байланыстың салқындығы; адамгершіліктің төмендеуі, құндылық нысандарын жоғалту, ұрпақ сабақтастығы және дәстүрлердің бұзылуы.

Сондықтан заманауи отбасының ерлі-зайыптылар мүдделерінің ортақтығын көрсететін бірлестікке айналып, бұл сүйсіпеншілік, таным мен көзқарастарының ұқсастығы, экономикалық жағдайы мен әлеуметтік статусына негізделген ортақ мүддеге негізделуі ізденушінің зерттеу жұмысының көкейкесті мәселеге арналғанын көрсетеді.

## **2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесі**

Диссертант зерттеу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

1. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтаған.

2. «Отбасы-адамгершілік құндылықтары» ұғымының мәні нақтыланған және құрылымын айқындаған.

3. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың құрылымдық - функционалдық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлерін айқындаған.

4. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдістемесі жасалып, әдістеменің тиімділігі тексеріліп және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындаған.

Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру бойынша «Қазіргі заманғы отбасының құндылықтары» атты элективті курс бағдарламасы әзірленген, «Отбасылық өмірге дайындаудағы психологиялық тренингтер» топтамасы, «Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалған.

Алынған *бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* зерттеу проблемасына қатысты философиялық, мәдени, тарихи-әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық аспектілердегі еңбектерге теориялық талдауларды негізге алуымен, педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін педагогикалық шынайылықты айқындайтын *аксиологиялық, әлеуметтік-гуманистік, жүйелілік-құрылымдық, іс-әрекеттік, мәдениеттанымдық тұғырлары* басшылыққа алынған.

*Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* зерттелген еңбектерді жан-жақты талдауы барысында «отбасы», «отбасы-адамгершілік құндылық», «отбасы-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» тірек ұғымдары нақтыланған.

*Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы - адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың мазмұны құрылымдық-функционалдық моделдеудің негізінде (теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, критерийлік-бағалау), компоненттерден (мотивациялық-мақсаттылық, рефлексивтік-іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелік), өлшемдерден (дүниетанымдық, іс-әрекеттік, білімділік-тәрбиелік) мен көрсеткіштерінен құралған және олар деңгейлеріне сәйкес жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде қарастырылған.

*Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдістемесін дайындап: «Қазіргі заманғы отбасының құндылықтары» атты элективті курс бағдарламасы; «Отбасылық өмірге дайындаудағы психологиялық тренингтер» топтамасы; «Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері» атты оқу-әдістемелік құрал оның тиімділігін анықтау мақсатында тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізуімен дәлелденеді.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық нәтижесі**

*Бірінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы* диссертант алыс, жақын шетелдердегі және республика ғалымдарының «отбасы», «отбасы-адамгершілік құндылықтар» мәселесіне арналған еңбектерін жан-жақты зерттеген. Диссертацияда педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы - адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың

теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда *аксиологиялық, әлеуметтік-гуманистік, жүйелілік-құрылымдық, іс-әрекеттік, мәдениеттанымдық тұғырлар* айқындалғандықтан бірінші нәтиженің **жаңалығы** болады. Диссертацияда осы тұғырлардың мәні мен мазмұны толық сипатталған.

*Екінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы* көпмағыналы ұғым ретінде қарастырылады. «Отбасы-адамгершілік құндылықтар- отбасы мүшелерінің өмірлік мақсат-көзқарастарының бірлігі мен рухани туыстық қарым-қатынасқа негізделген: мейірімділік, риясыз қамқорлық, шексіз махаббат, бір-біріне деген сенімділік, өз іс-әрекеті мен мінез -құлқын реттей алуға қабілетті жоғары рухани-адамгершілік ұстанымдармен түзілген отбасының іргетасы» деп нақтылауы – екінші нәтиженің **жаңалығына** дәлел болады.

*Үшінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы* – педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы - адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың мазмұндық құрылымын анықтап, құрылымдық - функционалдық моделі жасалды. Докторанттың зерттеу жұмысы барысында теориялық тұрғыда педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, критерийлік-бағалау блоктарына сәйкес компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның деңгейлері анықталған, құрылымдық-функционалдық моделінің жасалуы - үшінші нәтиженің **жаңалығын** көрсетеді. Өйткені, автор модельдің әрбір мазмұндық компонентін жан-жақты зерттей отырып, ғылыми тұрғыдан айқындайтын өлшемдерінің, көрсеткіштері мен деңгейлерінің алғаш рет жасалуы да дәлелдей түседі.

*Төртінші ғылыми нәтиженің жаңалығы* педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың ғылыми негізделген әдістемесі («Қазіргі заманғы отбасының құндылықтары» атты элективті курстың бағдарламасы және «Отбасылық өмірге дайындаудағы психологиялық тренингтер» топтамасы, «Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері» атты оқу-әдістемелік құралы) жасалынып, оның тәжірибеге енгізілуін **жаңалық** деп санаймыз. Әдістемелік кешеннің бірізділікте мазмұнды берілуі және оның тиімділігінің дәлелді көрсетілуі ғылыми еңбектің құндылық деңгейін жоғарылатады.

Ізденушінің диссертацияда әрбір ғылыми нәтижесі шынайы, тұжырымдары мен қорытындылары зерттелетін проблеманың теориясы мен әдіснамасына сәйкес, жоғарыда көрсетілген ғылыми зерттеу нәтижелеріне негізделген және алынған тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс нәтижелері деректермен дәлелденген.

Диссертацияның ғылыми нәтижелері зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес және олардың ішкі бірлігін көрсетеді.

#### **4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немес қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы**

Ізденушінің докторлық диссертациясында алынған нәтижелер педагогикалық-психологиялық дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертацияда келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде және Біліктілікті арттыру Ұлттық орталықтары институттарың тәжірибелерінде пайдалануға көмегін тигізеді.

С.З.Нишанбаева диссертацияның құрылымына да аса мән беріп, оның мазмұнын бір-бірімен тығыз логикалық байланыстағы екі бөлімге, оның әрқайсысын үш параграфтарға бөледі. Бұлардың барлығы да зерттеу мәселесіне байланысты қойылған мақсат пен міндеттердің мазмұндық сипатын ашады, диссертацияның құрылымдық және мазмұндық біртұтастығын көрсетеді.

#### **5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама**

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 12 ғылыми жұмыс жарық көрген. ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 3 мақала, Scopus базасына енген ғылыми журнал басылымында -1 мақала, халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында - 5 мақала, алыс-жақын шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында - 2 мақала жарияланып, 1 оқу-әдістемелік құрал жарық көрген.

#### **6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер**

Жоғарыда айтылғандар негізінде ізденушінің зерттеу жұмысы көкейкесті, өзекті мәселенің шешімін табуға бағытталғандығы көрінеді.

Дегенмен, диссертация бойынша төмендегідей кемшіліктер мен ұсыныстар беруге болады:

1. Диссертацияның 2-ші тарауында оқу-әдістемелік кешенді әзірлеуге бағыттайтын жоғары оқу орындарының оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын талдау жеткіліксіз ұсынылған.

2) Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру үдерісінде «Өзін –өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын» басшылыққа алғанда бұл жұмыстың мазмұны одан да толығырақ түсірілуі даусыз.

3) Диссертацияда стильдік, орфографиялық қателер кездеседі.

Осы айтылған кемшіліктер ізденушінің диссертациялық жұмысы нәтижелерінің теориялық және практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді. Өйткені автор зерттеу міндеттерінің шешілуін ұтымды түрде

